




АУЫЛ МЕКТЕПТЕРІНЕ АРНАЛҒАН
БІЛІМ - БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

IQanat ОЛИМПИАДАСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ



2018 ЖЫЛ

МАЗМҰНЫ

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	3
ОЛИМПИАДАНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚОЛДАУЫ	4
ОЛИМПИАДАНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ	6
ТАПСЫРМАЛАРДЫ БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ	13
ОЛИМПИАДАНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ МЕН ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІН МАРАПАТТАУ.....	15
ОЛИМПИАДАНЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ	16

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

IQanat олимпиадасын ұйымдастыру және өткізу туралы осы Ереже (бұдан әрі - Ереже) IQanat олимпиадасының (бұдан әрі - Олимпиада) ұйымдастыру және өткізу тәртібін, ұйымдастырушылық, әдістемелік және қаржылық қолдауын, қатысу тәртібін, жеңімпаздарды және жүлдегерлерді анықтап көрсетеді.

Олимпиада «IQanat білім беру қоры» қоғамдық қорымен (бұдан әрі – ҚҚ «Білім беру қоры IQanat») өткізіледі.

Олимпиаданың негізгі **мақсаттары** мен **міндеттері**:

- қабілетті оқушыларды анықтау және қолдау, ауыл оқушыларының шығармашылық, танымдық, зияткерлік бастамаларын жандандыру;

- оқушылардың математика, физика, ағылшын тілі және әдебиет сияқты пәндерді оқуға қызығушылығын қалыптастыру;

- оқушылар арасында тікелей байланыс пен тәжірибе алмасуға жағдай жасау.

Олимпиада әр жарты жыл сайын келесі пәндер бойынша өткізіледі:

- Математика
- Физика
- Ағылшын тілі
- «Эрудит» эссе конкурсы


ЕСКЕРТУ: Олимпиаданың әрбір қатысушысына екі пәннен артық пән таңдауға болмайды.

Олимпиадаға қатысу тегін.

ОЛИМПИАДАНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚОЛДАУЫ

Олимпиаданы өткізу үдерісін жүзеге асыру үшін, сонымен қатар әдістемелік көмекті қамтамасыз ету үшін Ұйымдастыру комитеті (бұдан әрі – Ұйымдастыру комитеті) және әділқазылар алқасы құрылады.

Ұйымдастыру комитеті Ұйымдастырушы болып табылатын ҚҚ «IQanat білім беру Қоры» Бас кеңсесінің бұйрығымен анықталады және бекітіледі (1-қосымшаны қараңыз).



Осы Ереженің кейбір тармақтары бұзылған жағдайда, Олимпиаданың Ұйымдастыру комитетінің мүшесі кез келген оқушының Олимпиадаға қатысуын тоқтатуға құқығы бар.

Ұйымдастыру комитеті:

- Олимпиадаға жалпы басшылықты жүзеге асырады;
- Олимпиада басталғанша тапсырмалардың құпиялылығын қамтамасыз етеді;
- Олимпиаданың әділқазылар алқасы мүшелерінің құрамы мен саны туралы ұсыныстар енгізеді;
- Олимпиаданың нәтижелерін талдайды және қорытындылайды;
- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігіне (бұдан әрі - Министрлік)

Олимпиада жеңімпаздарының тізімін бекітуге ұсынады.

ЕСКЕРТУ: Ұйымдастырушы Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін алдын-ала келісілген шарттар бойынша Олимпиадаға қаржылық және ақпараттық қолдау көрсететін демеушілер мен серіктестерді тартуға құқылы (сол аймақта тұратын оқушылардың ата-аналарының қаражатынан басқа).

Әділқазылар алқасы:

- тапсырманы тексеру және жұмыс нәтижелерін бағалау үшін бірыңғай талаптарды сақтауды қамтамасыз етеді;
- жұмыстарды тексереді және бағалайды, ексерілген жұмыстардың қорытындысын ұйымдастыру комитетіне береді;
- қатысушылардың жұмысын бағалаудағы қарама-қайшы мәселелерді талқылайды және қажет болған жағдайда тиісті түзетулер енгізеді;
- жеңімпаздар мен жүлдегерлердің тізімін анықтайды және бекітеді;
- ұйымдастыру комитетіне жеңімпаздар мен жүлдегерлердің тізімін бекітуге ұсынады;
- ережеге сәйкес басқа да функцияларды орындайды.

ОЛИМПИАДАНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

Олимпиадаға, оқыту тіліне қарамастан ауыл мектептерінің 9-сынып оқушылары ерікті түрде қатыса алады.

Олимпиада екі рет өткізіледі:

- бірінші кезең - аудандық, әр жарты жыл сайын жергілікті атқарушы органдардың көмегі арқылы IQanat қорының үйлестірушілерімен өткізіледі;
- екінші кезең – республикалық, «IQanat білім беру қоры» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен, Астана қаласындағы Назарбаев Университетінде өткізіледі.

ЕСКЕРТУ: Облыстық олимпиадалардың жеңімпаздары республикалық олимпиаданың финалына шығады. Республикалық олимпиадаға қатысудан бас тартқан жағдайда облыстық олимпиаданың жеңімпазы Қордың есебінен қазақстандық және шетелдік жоғары оқу орындарына түсуге арналған тегін дайындық құқығынан айырылады.

Жоспарланған Қатысушылардың саны кестеде көрсетілген (1-қосымшаны қараңыз).

Олимпиадаға қатысу үшін, тіркелудің екі жолы бар:

1 жолы

<http://iqanat.kz/> ресми сайтында тіркелу қажет:

«IQanat» олимпиадасының қатысушысының ТІРКЕУ ФОРМАСЫ

Регистрация и авторизация

Регистрация в системе позволит Вам:

- Получать информацию о предстоящих олимпиадах
- Просматривать свои баллы и занятое место в общем списке
- Подавать заявки на участие в предстоящих олимпиадах

Ваше имя

Имя

Email

введите почтовый адрес

ИИН

Введите ИИН

Пароль


Подтвердите пароль

согласен на обработку моих персональных данных

Согласно Закону РК О персональных данных и их защите от 28.12.2017 г. IQanat гарантирует конфиденциальность и их защиту персональных данных.

2 жолы

IQanat мобильді қосымшасын жүктеп, оған тіркелу:



Олимпиадаға қатысу үшін, тіркеу формасын толтырған қатысушы, осы Ережеде ұсынылған Олимпиаданың тәртібі мен ережелерімен келіседі.

Олимпиадаға қатысуға тапсырыс мерзімі аяқталған соң екі күн ішінде ұйымдастыру комитеті қатысатын оқушылардың тізімін бекітеді:

ЕСКЕРТУ!

- IQanat олимпиадасының аудандық бірінші турына алғашқы болып тіркелген оқушылардың 40% өтеді. Оқушылар **уақыттық қағидаға** сәйкес таңдап алынады, яғни, қатысушы неғұрлым ерте тіркеліп, тапсырыс берсе, соғұрлым олимпиадаға қатысушылар тізіміне іліну мүмкіндігіне ие болады.
- IQanat олимпиадасының аудандық екінші турына бірінші турға қатысқан оқушылардың тек 25% өтеді. Оқушылар **нәтижелерді шәкілдеу қағидасы** бойынша таңдап алынады, яғни, қатысушы неғұрлым көп балл алса, соғұрлым тізімге іліну мүмкіндігі мол.

IQanat олимпиадасының аудандық кезеңдеріне қатысушылар тізімі және Олимпиаданың нақты өту уақыты мен орны туралы ақпарат қордың <http://iqanat.kz/> ресми сайтында жарияланады (Олимпиада күнтізбесін қараңыз).

Олимпиаданың басталуына дейін шақырылған Қатысушылар Олимпиада өтетін жерде таңертеңгі сағат 8:00-ден 9:30-ға дейін тіркеу рәсімінен өту керек.

Тіркеу рәсімінен өтпеген қатысушылар Олимпиадаға қатыса алмайды.

Тіркеу процедурасынан белгілі себептермен кешіккен жағдайда Қатысушы Ұйымдастырушыға бұл туралы тіркеудің аяқталғанына дейін хабарлауға міндетті. Олай етпеген жағдайда Қатысушы Олимпиадаға қатысу құқығынан айырылады.

Тіркеу кезінде Қатысушы жеке куәлік (туу туралы куәлік) бар екендігіне сенімді болуы керек. Жеке басын куәландыратын құжат болмаған жағдайда Қатысушыға Олимпиадаға қатысуға рұқсат етілмейді.

Барлық тіркелген Қатысушылар Олимпиада өтетін күні сағат 9:30-да өтетін Олимпиаданың ашылу рәсіміне қатысу керек.

Олимпиаданың ашылуында:

- алдын ала нәтижелерді жариялау орны мен тәртібі туралы хабарлайды;

- аудиторияларда өзін-өзі ұстау ережелері, ұсынылатын тапсырмалардың шешу жолдарына қойылатын талаптар және басқа қажетті ақпарат оқылады;

- қатысушылардың аудитория бойынша бөлінуі жарияланады.

Олимпиаданың басталуы сағат 10:00-де. Олимпиадаға қатысуға құқығы бар Қатысушыларға, келесі тапсырмалар ұсынылады:

- математикадан – әр түрлі қиындық деңгейіндегі 6 тапсырма (жазбаша);

- физикадан – әр түрлі қиындық деңгейіндегі 6 тапсырма (жазбаша);

- ағылшын тілінен – оқу және жазу дағдыларын тексеретін 6 тапсырма (жазбаша түрде);

- эссе конкурсы бойынша – ұсынылған тақырыптардың бірі бойынша 1 эссе жазу (<http://challenge.kz/> сайтында компьютер арқылы онлайн режимде).

Олимпиаданың ұзақтығы:

- математикада - 3 сағат
- физикада - 3 сағат
- ағылшын тілінде - 3 сағат
- эссе байқауы бойынша - 3 сағат.

Олимпиаданың басталуы мен аяқталуының нақты уақыты сыныптағы кезекші мұғаліммен белгіленеді.

ЕСКЕРТУ: Олимпиаданы өткізу барысында Қатысушының қызметіне қатысы жоқ техникалық ақаулар болған жағдайда, оған тапсырманы орындау үшін қосымша уақыт беріледі. Қосымша уақыттың мөлшері Ұйымдастырушының туындаған ақауларды жоюға жұмсаған уақытына сәйкес келеді.

Олимпиада кезінде қатысушылар түсінбеген тапсырмалардың шартына қатысты сұрақтар қоюға құқықтары бар. Қатысушының сұрағына тек Олимпиада Ұйымдастыру комитетінің мүшесі ғана жауап беруге құқылы. Егер сұрақ берілген тапсырмаларға қатысты болмаса, Ұйымдастыру комитетінің мүшесі мына сөзбен жауап береді:

«Бұл сұрақ олимпиада тапсырмаларының мазмұнына жатады. Мен Сізге жауап бере алмаймын.

Ұйымдастыру комитетінің мүшесі тапсырмалардың шарты нақты емес екеніне немесе қателердің барына келіссе, онда ол барлық қатысушыларға «түсіндіру жұмыстарын» өткізеді.

Олимпиада тапсырмаларын орындау барысында
Қатысушыларға:

- ! ұялы телефондар, КПК, смартфондар, ноутбуктар, және т.б. сақтау құралдарын қолдануға;
- ! аудиторияның кезекші оқытушысынан және Олимпиада ұйымдастыру комитетінің өкілдерінен басқа адамдарға заттарды беруге, алуға;
- ! бір-бірімен сөйлесуге, аудиторияда жүруге;
- ! төтенше жағдайлардан басқа кезекші оқытушының рұқсатынсыз кез-келген сылтаулармен аудиториядан шығуға;
- ! аудиторияға қаламнан басқа заттарды әкелуге;
тыйым салынады.

Егер қатысушыға белгілі себептермен уақытша аудиториядан шығу керек болса, ол аудиториядан тек кезекшімен бірге шығады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:

Қатысушының ережелерді бұзуы оның барлық нәтижелерінің жойылуына сонымен қатар, Олимпиадаға қатысу құқығынан айырылуына алып келеді.

Қатысушыны Олимпиадаға қатысу құқығынан айыру туралы шешімді тиісті актіні толтырылғаннан кейін тек Олимпиада комитетінің мүшелері ғана қабылдай алады.

IQanat ОЛИМПИАДАСЫНЫҢ КҮНТІЗБЕСІ

I ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҚ

ҚЫРКҮЙЕК 2018 ЖЫЛ

ДС	СС	СР	БС	ЖМ	СБ	ЖС
					1	2
3	4	5	6	7	8	9
10	11	12	13	15	15	16
17	18	19	20	21	22	23
24	25	26	27	28	29	30

ҚАЗАН 2018 ЖЫЛ

ДС	СС	СР	БС	ЖМ	СБ	ЖС
1	2	3	4	5	6	7
8	9	10	11	12	13	14
15	16	17	18	19	20	21
22	23	24	25	26	27	28
29	30	31				

-  IQanat ОЛИМПИАДАСЫНА ТІРКЕЛУ
-  IQanat АУДАНДЫҚ ОЛИМПИАДАСЫНЫҢ I КЕЗЕҢІ
-  ДЕМАЛЫС
-  МЕМЛЕКЕТТІК МЕРЕКЕЛЕР

ҚАРАША 2018 ЖЫЛ

ДС	СС	СР	БС	ЖМ	СБ	ЖС
			1	2	3	4
5	6	7	8	9	10	11
12	13	14	15	16	17	18
19	20	21	22	23	24	25
26	27	28	29	30		

ЖЕЛТОҚСАН 2018 ЖЫЛ

ДС	СС	СР	БС	ЖМ	СБ	ЖС
					1	2
3	4	5	6	7	8	9
10	11	12	13	14	15	16
17	18	19	20	21	22	23
24	25	26	27	28	29	30
31						

II ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҚ

ҚАҢТАР 2019 ЖЫЛ

ДС	СС	СР	БС	ЖМ	СБ	ЖС
	1	2	3	4	5	6
7	8	9	10	11	12	13
14	15	16	17	18	19	20
21	22	23	24	25	26	27
28	29	30	31			


АҚПАН 2019 ЖЫЛ

ДС	СС	СР	БС	ЖМ	СБ	ЖС
				1	2	3
4	5	6	7	8	9	10
11	12	13	14	15	16	17
18	19	20	21	22	23	24
25	26	27	28			

НАУРЫЗ 2019 ЖЫЛ

ДС	СС	СР	БС	ЖМ	СБ	ЖС
				1	2	3
4	5	6	7	8	9	10
11	12	13	14	15	16	17
18	19	20	21	22	23	24
25	26	27	28	29	30	31

 ДЕМАЛЫС

 IQanat АУДАНДЫҚ
ОЛИМПИАДАСЫНЫҢ
II КЕЗЕҢІ

 МЕМЛЕКЕТТІК МЕРЕКЕЛЕР

СӘУІР 2019 ЖЫЛ

ДС	СС	СР	БС	ЖМ	СБ	ЖС
1	2	3	4	5	6	7
8	9	10	11	12	13	14
15	16	17	18	19	20	21
22	23	24	25	26	27	28
29	30					

МАМЫР 2019 ЖЫЛ

ДС	СС	СР	БС	ЖМ	СБ	ЖС
		1	2	3	4	5
6	7	8	9	10	11	12
13	14	15	16	17	18	19
20	21	22	23	24	25	26
27	28	29	30	31		

МАУСЫМ 2019 ЖЫЛ

ДС	СС	СР	БС	ЖМ	СБ	ЖС
					1	2
3	4	5	6	7	8	9
10	11	12	13	14	15	16
17	18	19	20	21	22	23
24	25	26	27	28	29	30

ТАПСЫРМАЛАРДЫ БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

Әзірлеушілер құрамынан Олимпиаданың тапсырмаларын құрастырушылар тағайындалады.

Тапсырмалар мазмұны:

- 9 сыныптың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес;
- бірегейлік талаптарға сай яғни Ғаламтор желісінде кездеспейді, Ұйымдастырушы өткізіген олимпиадаларда пайдаланбаған.

Олимпиаданың тапсырмалары қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде құрастырылады.

Әр тапсырма күрделігіне қарай, белгілі бір ұпай санымен бағаланады.

ОЛИМПИАДАНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ МЕН ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІН МАРАПАТТАУ

Олимпиаданың аяқталған соң, 30 күн ішінде қазылар алқасы Олимпиаданың алдын ала қорытындыларын шығарады.

Ең алыс аудан қатысушыларына алған балына қосымша қашықтық көрсеткіші қосылады.

Олимпиаданың алдын-ала нәтижелері қордың мәліметтер базасында орналастырғаннан кейін, қатысушылар жеті күн ішінде жазбаша өтініш бере алады.

Апелляцияның нәтижесінде қатысушының жинаған ұпай саны қайта қарау немесе қарамау болып табылады. Апелляция туралы шешім соңғы болып табылады және қайта қарауға жатпайды.

Қорытынды кестеге ұпайлардың кему тәртібімен енгізілген нәтижелердің негізіндегі рейтингта әр пән бойынша олимпиаданың жеңімпаздары анықталады. Тең ұпай санын жинаған қатысушылардың арасында жеңімпазды анықтау туралы шешімді Олимпиаданың қазылар алқасы қабылдайды.

Олимпиаданың қорытынды нәтижелері <http://iqanat.kz/> ресми сайтында жарияланады.

Олимпиаданың жеңімпаздары өздерінің жеке кабинетінде QR-коды бар электрондық дипломдармен марапатталады (ресми сайт арқылы және/немесе мобильді қосымша арқылы көруге болады).

Олимпиаданың басқа қатысушыларына өздерінің жеке кабинетінде QR-коды бар электрондық сертификаттар беріледі (ресми сайт арқылы және/немесе мобильді қосымша арқылы көруге болады).

ОЛИМПИАДАНЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

- Олимпиада Қатысушыларының және жетекшілердің шығындары (олимпиада өткізілетін орынға жеткізу, тұру және тамақтану мәселелері) үшін жергілікті атқарушы органдар (Әкімдіктер / Білім департаменті / Білім беру бөлімі) жауапты болып табылады.
- Жергілікті атқарушы органдар көмек бере алмаған жағдайда, барлық шығындар Олимпиадаға қатысатын оқушылардың мектептеріне жүктеледі.
- Мектептер көмек көрсете алмаған жағдайда, шығындар Олимпиадаға қатысатын оқушылардың ата-аналарына немесе демеушілерге жүктеледі.

**IQanat олимпиадаларының 2018-2019 оқу жылына
жоспарлаған қатысушылардың саны**

№	Облыс атауы	Аудандар саны	Мектептер саны	9-шы сынып оқушыларының саны	Қатысушылар саны		Жеңімпаздар саны
					1 тур (40%)	2 тур (25%)	
1	Ақмола	17	413	7 655	3 062	766	85
2	Ақтөбе	12	282	5 309	2124	531	60
3	Алматы	16	599	26 185	10 474	2 619	80
4	Атырау	7	119	4 568	1 827	457	35
5	Шығыс Қазақстан	15	459	6 940	3 193	798	75
6	Жамбыл	10	304	11 970	4 788	1 197	50
7	Батыс Қазақстан	12	249	4 601	1 840	460	60
8	Қарағанды	9	260	4 186	1 657	63	45
9	Қостанай	15	366	4 415	1 766	442	75
10	Қызылорда	7	222	7 149	2 860	715	35
11	Маңғыстау	5	86	5 289	2 116	529	25
12	Павлодар	10	260	2 410	964	241	50
13	Солтүстік Қазақстан	13	375	4 190	1 676	419	65
14	Түркістан	14	693	48 130	19 252	4 813	70
	БАРЛЫҒЫ:	162	4 687	142 997	57 598	14 048	810